



ESGO
RATING AGENCY

ІСКЕРЛІК ЭТИКА КОДЕКСІ

1 наурыз 2023 ж.

Мазмұны

1.	Жалпы ережелер.....	3
2.	Терминдер, анықтамалар және қысқартаулар.....	3
3.	Іскерлік этиканың мақсаттары, қағидаттары және стандарттары.....	4
4.	Рейтингтерді тағайындау.....	7
5.	Құпиялылық және ақпаратты қорғау.....	8
6.	Сыбайлас жемқорлықтың және мүлделер қақтығысының алдын алу.....	8
7.	Еңбек қауіпсіздігі, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау.....	9
8.	Кодекстің нормаларын сақтамау үшін жауапкершілік.....	9
9.	Қорытынды ережелер.....	9

1. Жалпы ережелер

1.1 Агенттіктің Іскерлік этика кодексі (бұдан әрі – Кодекс) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Агенттіктің Жарғысына және басқа да ішкі құжаттарына сәйкес дайындалды.

1.2 Агенттік өзіне Кодексте белгіленген іскерлік этика нормаларын ерікті түрде сақтау міндеттемесін алады. Кодекс Агенттіктің корпоративтік мәдениеті негізделген іскерлік этиканың негізгі қағидаттары мен стандарттарын белгілейді.

1.3 Кодекс Агенттіктің қызметіне қолданылатын ұлттық және халықаралық құқық нормаларын, сондай-ақ жауапты іскерлік тәжірибе және корпоративтік басқару саласындағы халықаралық және ұлттық стандарттардың ұсынымдары мен ережелерін ескереді.

1.4 Кодекс Агенттіктің қызметіне таратылады және Агенттіктің барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

2. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

2.1 Кодексте келесі қысқартулар, терминдер және анықтамалар қолданылады:

Агенттік	«ESGQ Рейтинг агенттігі» жауапкершілігі шектеулі серіктестік
Басшылық	«ESGQ Рейтинг агенттігі» ЖШС директоры
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы - Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау және нығайту, сондай-ақ мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында құрылған халықаралық ұйым.
Заңнама	Қазақстан Республикасының белгіленген тәртіппен қабылданған нормативтік құқықтық актілерінің жиынтығы.
Кодекс	Агенттіктің Іскерлік этика кодексі
Корпоративтік мәдениет	Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған, барлық қызметкерлерге ортақ құндылықтарға негізделген мінез-құлық модельдерінің, қызметкерлерді басқару нормалары мен әдістерінің жиынтығы.
Қақтығыс	Мақсаттары немесе осы мақсаттарға жету әдістері үйлеспейтін, қарама-қайшы келетін адамдардың өзара әрекеті.
Қызметкер	Агенттікпен еңбек қатынастарында болатын және еңбек шарты бойынша тікелей жұмыс орындайтын жеке тұлға.
Мүдделер қақтығысы	Лауазымды тұлғаның немесе Қызметкердің жеке мүдделерінің қызметтік міндеттерді әділ орындауға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдайлары.

Мүдделі тараптар	Агенттіктің қызметіне, оның өнімдеріне немесе қызметтеріне заңнама негізінде, жасалған келісімдерге (келісімшарттарға) байланысты немесе жанама әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жеке, заңды тұлғалар, жеке немесе заңды тұлғалар тобы.
ОЭСП	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы – мемлекеттердің әлеуметтік, экономикалық және экологиялық саясатын жетілдіруге бағытталған халықаралық стандарттар мен ұсынымдарды әзірлеуге, сондай-ақ елдердің экономикалық өсуі мен дамуының жолындағы проблемалар мен шектеулерді еңсеру жолдарын іздеуге бағытталған халықаралық ұйым.
ІНК	Ішкі нормативтік құжат, Агенттіктің ішкі қызметін реттейтін құжат.
Іскерлік этика	Агенттік пен оның қызметкерлері өз қызметінде ұстанатын іскерлік қарым-қатынастың этикалық қағидаттары мен нормаларының жиынтығы.
ESG	Экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару – ұйымның экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық мәселелерді шешуге қатысуын қамтамасыз ететін компанияның басқару сипаттамаларының жиынтығы.

2.2 Терминдер Кодексте анықталмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Агенттіктің Жарғысында және Агенттіктің басқа да ішкі нормативтік құжаттарында қолданылатын мағынада қолданылады.

3. Іскерлік этиканың мақсаттары, қағидаттары және стандарттары

3.1 Кодекстің мақсаттары:

- Жоғары этикалық стандарттарға негізделген біріншілік корпоративтік мәдениетті дамыту;
- Ұжымда сенім, өзара құрмет және адалдық атмосферасын қолдау;
- Агенттіктің ашық және адал нарық қатысушысы ретінде іскерлік беделін нығайту;
- Құқық бұзушылықтардың алдын алу және Агенттіктің шаруашылық қызметін ашықтық және айқындық принциптеріне, сондай-ақ Агенттіктің қызметіне қолданылатын ұлттық және халықаралық құқық талаптарына сәйкес жүргізуді қамтамасыз ету;
- Жоғары этикалық стандарттарға, адалдыққа және бейтараптыққа негізделген рейтингтік бағалау процесінің объективтілігі, ашықтығы және тәуелсіздігін қамтамасыз ету.

3.2 Агенттіктің іскерлік этикасының негізгі принциптері:

3.2.1 Заңдарды білу және сақтау

Агенттік БҰҰ Жаһандық шартының тұрақты даму принциптерін, G20/ОЭСР корпоративтік басқару принциптерін, Қазақстан Республикасы заңнамасын және Кодексін қатаң түрде ұстанады.

3.2.2 Ашықтық және шынайылық

Агенттік бизнесті әдепті, адал және ашық жүргізу принциптерін ұстанады, шарттық міндеттемелерді адал және дәйекті түрде орындауға ұмтылады, бәсекелестеріне құрметпен қарайды және заңсыз бәсекелестік әдістеріне жүгінбейді.

Агенттік өзінің іскерлік беделін қолдауға қамқорлық жасайды және әдейі жалған немесе тексерілмеген ақпаратты таратудан аулақ болады.

3.2.3 Кәсібилік және жұмыстың тиімділігі

Агенттік көрсетілетін қызметтердің жоғары сапасын қамтамасыз етеді, өз қызметін жүзеге асыру кезінде кәсіби шешімдер қабылдауға ұмтылады, Басшылық пен Қызметкерлерден өз өкілеттіктерін және лауазымдық міндеттерін атқаратын лауазымға қажетті біліктілік деңгейіне сәйкес орындауды талап етеді.

Агенттік Қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыруға және мансаптық әлеуетін жүзеге асыруға ықпал ететін жеке дағдыларды дамытуға қажетті барлық жағдайларды жасай отырып, қолдау көрсетеді.

3.2.4 Адам құқықтарына құрмет

Агенттік өз қызметінде адамның құқықтары мен еркіндігін толығымен сақтайды және іскерлік серіктестерін осы принципті ұстануға шақырады. Агенттік барлық Қызметкерлеріне сеніммен қарап, тең мүмкіндіктер береді және олардың әлеуетін жалпы құндылықтар, мәдени әралуандық, гендерлік, нәсілдік және өзге де теңдік негізінде жүзеге асыру үшін жағдай жасайды.

3.3 Агенттіктің іскерлік этикасының стандарттары:

3.3.1 Агенттік ішіндегі қарым-қатынастар

Агенттіктің Қызметкерлермен қарым-қатынастары өзара жауапкершілік, жеке тұлғаға құрмет және нәтижеге бағдарлану негізінде құрылады және кәсіби міндеттерді табысты шешуге және ұжымда конструктивті қатынастарды қолдауға бағытталған.

Агенттік Қызметкерлер алдында өзіне бірқатар міндеттемелерді алады:

- жұмысқа қабылдауды ұлттық заңнама талаптарына қатаң сәйкестікте жүзеге асырады, бұл кез-келген кемсітуді, еңбек құқықтары мен бас еркіндігін шектеуді немесе кандидаттың бос лауазымға іскерлік қасиеттерінен тыс кез-келген артықшылықтарды қолдануды болдырмайды;

- Қызметкерлерге жынысы, ұлты, тегі, мүліктік, әлеуметтік және қызметтік жағдайы, жасы және басқа да осындай белгілері бойынша кез-келген кемсітушілік пен қудалауға жол бермейді;
- Қызметкерлерге тұрақты және лайықты жалақыны және оны уақтылы төлеуді қамтамасыз етеді;
- Қызметкерлерге Агенттіктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіп пен бекітілген көлемде әлеуметтік қамтамасыз етуді ұсынады;
- Қызметкерлердің өз қызметтік міндеттерін тиісінше орындауы үшін еңбек қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін қауіпсіз жағдайларды жасайды;
- көшбасшылық дағдыларын дамытуға ынталандырады және Қызметкерлерді өзін-өзі дамытуға және кәсіби біліктілігін арттыруға ынталандырады;
- Қызметкерлердің жеке деректерінің құпиялылығын қамтамасыз етеді;
- ұжымда ашық қарым-қатынас, өзара түсіністік және тұрақтылық ортасын қолдайды.

Қызметкерлер, өз кезегінде, Кодекстің ережелерін орындау шеңберінде міндетті:

- Кодекспен белгіленген іскерлік этика ережелерін сақтауға және ықтимал бұзушылық фактілеріне қатысты тергеулер жүргізуге жәрдемдесуге;
- Агенттікте өзара түсіністік пен ынтымақтастық атмосферасын құруға жәрдемдесуге;
- әріптестеріне, сондай-ақ іскер серіктестердің өкілдеріне құрметпен және сыпайылықпен қарауға;
- өз жұмыс уақытын тиімді пайдалануға;
- іскерлік қарым-қатынастардағы қақтығыстарды туындататын әрекеттерден немесе әрекетсіздіктен бас тартуға, іскерлік қарым-қатынастарға қатысушылардың мүдделер тепе-теңдігі негізінде туындаған қақтығыстарды шешуге ұмтылуға.

Агенттіктің барлық деңгейдегі басшыларына келесі міндеттер жүктеледі:

- өз іс-әрекеттерімен этикалық мінез-құлық принциптеріне адалдықты көрсету;
- Агенттіктің жоғары корпоративтік мәдениетін дамытуға бағытталған бастамаларды қолдау, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шараларын жетілдіру және олардың жүзеге асырылуына жеке бақылау жүргізу;
- қажет болған жағдайда бағынысты Қызметкерлерге Кодекс ережелерін түсіндіру.

3.3.2 Агенттіктің сыртқы мүдделі тараптармен қарым-қатынасы

3.3.2.1 Іскерлік серіктестер және адал іскерлік жұмыстар жүргізу

Агенттік инвестициялауға арналған ашық нарықтарды дамытуға ықпал етеді, ESG стандарттары туралы хабардарлықты арттырады, нарық қатысушылары арасында бәсекелестік мінез-құлық пен өзара құрметті қолдайды.

Агенттік жеткізушілер мен мердігерлерді таңдауға жауапкершілікпен қарайды, олардың іскерлік этикасы мен беделіне назар аударады. Іскер серіктестермен өзара әрекеттестік ұзақ мерзімді ынтымақтастыққа, өзара пайдаға, сенімге, адалдыққа және әділеттілікке негізделген. Агенттік өз міндеттемелерін адал орындайды және серіктестерден де осындай мінез-құлық күтеді.

3.3.2.2 Мемлекеттік басқару органдары

Агенттік мемлекеттік органдармен ұлттық заңнамаға сәйкес өзара әрекеттеседі, сыбайлас жемқорлық және өзге де құқыққа қайшы әрекеттерден аулақ болады. Агенттік ашық, этикалық және Заңнамаға қатаң сәйкес жүзеге асырылатын нормативтік ортаны жақсартуға бағытталған лоббистік қызметке қатысуы мүмкін.

3.3.2.3 Қоғам

Агенттік қоғам алдындағы жоғары әлеуметтік жауапкершілікті ұстанады, жергілікті халық пен осал топтардың мүдделеріне назар аударады. Агенттік қайырымдылық және демеушілік қызметпен белсенді айналысады және Қызметкерлерді осы бастамаларға қатысуға ынталандырады.

4. Рейтингтерді тағайындау

4.1 ESG рейтингтері Агенттіктің сарапшыларының рейтингтелетін объектінің экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық жауапкершілік (ESG) стандарттарын сақтауға қабілеттілігі мен дайындығы туралы пікірін білдіреді. Агенттік рейтингі рейтингтік шкаласын қолдану арқылы көрсетіледі, бұл әріптік-символдық комбинацияларда көрсетілген дәрежелі жүйесін білдіреді.

4.2 Рейтинг Агенттіктің авторлық өнімі - Инвестициялық ESG-тәуекелдерді бағалау (ESG рейтингін тағайындау) әдіснамасының (бұдан әрі – Әдіснама) негізінде жүргізіледі. Әдіснама Агенттіктің зияткерлік меншігі болып табылады және жария етілмеуі тиіс. Әдіснаманы Агенттіктің жазбаша келісімінсіз кез келген пайдалану, көшіру немесе тарату қатаң тыйым салынған және зияткерлік меншік құқықтарының бұзылуы ретінде қарастырылады.

4.3 Әдіснама бағаланатын компаниялардың қызметінің (немесе әрекетсіздігінің) қоршаған ортаға, қоғамға және экономикаға әсерін ескереді. Әдіснама компаниялар ұсынған деректерді сандық және сапалық бағалаудың сандық мәнін анықтауға негізделген. Деректер компаниялар тарапынан процесті автоматтандыруға, ESG-тәуекелдерді талдауға, сандық мәнді анықтауға, бағалауға және рейтинг беруге мүмкіндік беретін сандық форматта ұсынылады. Компаниялар ұсынылған деректердің сапасына жауапты. Агенттік өз әдіснамалық тәсілінің негізінде бағалау критерийлерін дұрыс қолдануға жауапты.

4.4 Агенттік тапсырыс берушінің рейтингін ұсынылған ақпаратқа сүйене отырып жасайды, және оның сенімділігіне күмән келтірмейді. Клиенттен Агенттікке алынған кез келген ақпарат келісімдерде өзгеше белгіленбесе, құпия деп есептеледі.

4.5 Агенттік компанияның ESG беделін бағалау кезінде қоғамдық ақпаратты пайдалануы мүмкін.

5. Құпиялылық және ақпаратты қорғау

5.1. Агенттік клиенттерден алынған ақпараттың құпиялығын сақтауға бар күш-жігерін салады. Клиенттер ұсынған барлық ақпарат құпия болып саналады және құпиялылықтың ішкі ережелеріне қатаң сәйкестікте өңделеді.

5.1.2. Агенттік және оның Қызметкерлері алынған құпия ақпаратты тек бағалау процесі мен рейтингтерді тағайындауға байланысты мақсаттарда пайдаланады. Бұл ақпараттың кез келген басқа мақсатта қолданылуы қатаң тыйым салынады.

5.1.3. Агенттік Қызметкерлері рейтингтер немесе мүмкін болатын болжамдық бағалар туралы жарияланбаған ақпаратты, егер бұл олардың кәсіби міндеттері шеңберінде жасалмаса және тек рейтингтелетін объектке немесе оның уәкілетті өкіліне қатысты болмаса, жарияламауы керек.

5.1.4. Агенттік Қызметкерлері Агенттікке тиесілі мүлік пен құжаттарды алаяқтықтан, ұрлықтан немесе басқа да мақсатсыз пайдаланудан қорғау үшін барлық қолжетімді шараларды қабылдауы керек. Бұл физикалық қауіпсіздікті, цифрлық қауіпсіздікті және барлық ішкі қауіпсіздік процедураларын сақтауды қамтиды.

6. Сыбайлас жемқорлықтың және мүдделер қақтығысының алдын алу

6.1 Сыбайлас жемқорлықтың және мүдделер қақтығысының алдын алу

6.1.2. Агенттік мемлекеттік органдардың шешімдеріне кез келген заңсыз ықпал етуді, соның ішінде сыйлықтар беруді және формальдылықтарды жеңілдету үшін төлемдерді, яғни мемлекеттік қызметкерге оның өз міндеттері аясында стандартты рәсімді немесе қызметті қамтамасыз ету немесе жылдамдату мақсатында төлем жасауды болдырмайды.

6.1.3. Агенттік Басшылықтың және Қызметкерлердің сыйлықтар, қызметтер және кез келген басқа да пайда түрлерін беруіне немесе алуына тек бұл қолданылатын ұлттық құқық пен этикалық стандарттарды бұзбайтын жағдайларда ғана рұқсат етеді.

6.1.4. Қызметкерлер мүдделер қақтығысына әкелетін немесе әкелуі мүмкін жағдайлардан аулақ болуға тиіс және мүдделер қақтығысының әлеуетті немесе нақты пайда болуы туралы уақтылы хабарлауға міндетті.

6.2 Қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға қарсы іс-қимыл

6.2.1. Агенттік өз қызметінде қаржылық алаяқтық және терроризмді қаржыландыру арқылы қылмыстық әрекеттен алынған табыстарды заңдастыруға жол бермейді және мұндай жағдайларды болдырмау үшін қажетті шаралар қабылдайды. Өзінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының аясында Агенттік халықаралық стандарттар мен ұлттық заңнамаға сәйкес келетін кез келген күмәнді қаржылық операцияларды анықтау және болдырмау шараларын қабылдайды.

7. Еңбек қауіпсіздігі, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау

7.1 Еңбек Қауіпсіздігі және Өндірістік Қауіпсіздік

7.1.2 Агенттік еңбек қауіпсіздігі және өндірістік қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді алдын алу немесе барынша азайтуға ұмтылады.

7.1.3 Барлық Қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Агенттіктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген еңбек қауіпсіздігі және өндірістік қауіпсіздік ережелерін сақтауға міндетті, оның ішінде:

- Офисте қауіпсіз және ыңғайлы жұмыс жағдайларын қамтамасыз ету;
- Өрт қауіпсіздігі және эвакуация ережелерін сақтау;
- Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтарды жүйелі түрде өту.

Егер Қызметкерлер өндірістік объектілерге іссапарға шыққан жағдайда, олар қосымша:

- Өз орнында қолданылатын еңбек қауіпсіздігі және өндірістік қауіпсіздік ережелерін сақтау;
- Қабылдаушы тараптың қарастырған қауіпсіздік бойынша қажетті нұсқаулықтар мен тренингтерден өту;
- Берілген жеке қорғаныс құралдарын пайдалану.

7.2 Қоршаған ортаны қорғау

7.2.1 Агенттік қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуға және табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға ұмтылады, оның ішінде:

- Қағаз өнімдерін пайдалануды азайту және кеңседе цифрлық технологияларды енгізу;
- Қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу;
- Электр энергиясы мен суды үнемді пайдалану;
- Экологиялық бастамалар мен бағдарламаларды қолдау.

8. Кодекстің нормаларын сақтамау үшін жауапкершілік

8.1 Агенттіктің барлық Қызметкерлері Кодекс нормаларын сақтауға міндетті.

8.2 Кодекс нормаларын бұзу фактілері Заңнама және Агенттіктің ішкі нормативтік құжаттарына (ІҚН) сәйкес қарастырылуы тиіс.

8.3 Кодекс талаптарын бұзған тұлғалар, әр жағдайға байланысты, Заңнама және Агенттіктің Жарғысында қарастырылған тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

9. Қорытынды ережелер

9.1 Агенттіктің дамуы мен Заңнама талаптарында елеулі өзгерістер болған жағдайда Кодекс қайта қаралады.

9.2 Заңнаманың, Агенттіктің ішкі нормативтік құжаттарындағы ақпаратты ашу талаптарының бұзылуы нәтижесінде Агенттікке зиян келтірген кінәлі тұлғалар Заңнамада белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

ЖШС «ESGQ Рейтинг агенттігінің» Директоры



(күні)

Қаражан Е.Н.